**2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 398, 399, 400-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 398-қосымша

617 - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Мемлекеттік материалдар резерві жүйесін басқаруды қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 42746 мың теңге (қырық екі миллион жеті жүз қырық алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-, 21- , 22- , 23- , 24- , 25-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдар қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

мемлекеттік органдарын әрі қарай оңтайландыру жөніндегі іс-шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің " Мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіру, бюрократизмге қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резерв жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 111 қаулысы ; "Штат саны лимитін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жүктелген функцияларды неғұрлым тиімді орындалуына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі аппаратының қызметін қамтамасыз ету; ұйымдастыру және есептеу техникасына қызмет көрсету; өздерінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін кәсіптік қызмет саласында қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, дағдыларды жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі аппаратын ұстау; мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін арттыру; компьютерлік жабдықтарды және ұйымдастыру техникасын жұмыс істейтін қалпында ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | Мемлекеттік материалдар резерві жүйесін басқаруды қамтамасыз ету | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 001 | | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Мемле. кеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінің аппа. ратын бекітілген штат кестесі лимиті шектерінде 45 бірлік мөлшерінде ұстау. 3 бірлік санындағы лимитке сүйене отырып, қызмет бабындағы автомобильдерді ұстау, жалдау. 45 компьютерге, 3 матрицалық принтер. ге, 18 лазерлік принтерге, 1 сканерге, 2 жылжы. малы компьютерге қызмет көрсету. Ағымдағы жөндеу үшін қосалқы бөлшек. тер, картриджder мен дисктер сатып алу. | Жыл бойын. да | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі |
| 3 | | 007 | Мемлекеттік қызметші. лердің біліктілігін арттыру | Бекітілген білікті. лікті арттыру жоспарына сәйкес, мемлекеттік тілді оқытуды қоса алғанда, мемлекет. тік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөнінде көрсетілетін қызметті сатып алу. | Жыл бойын. да | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігіне жүктелген функцияларды сапалы және уақытылы орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
399-қосымша

617 - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және сақтау"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 6143315 мың теңге (алты миллиард бір жүз қырық үш миллион үш жүз он бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік материалдық резерв туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 944 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 928 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 ақпандағы N 211-5 қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 237 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының 2002 есептік жылға арналған жұмылдыру жоспарында анықталған 2004 жылға арналған азайтылмайтын қор деңгейіне сәйкес мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының қорын қалыптастыру. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сақталуын қамтамасыз ету. Рынокқа реттеушілік ықпал жасау үшін белгіленген мөлшерлерден тыс мемлекеттік материалдық резервке дизель отынын салу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының 2002 есептік жылға арналған жұмылдыру жоспарында анықталған 2004 жылға арналған

азайтылмайтын қордың деңгейіне дейін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының мөлшерлерін жеткізу. Сақтау режимі талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сақталуын және қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ету. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау үшін технологиялық жағдайларды қамтамасыз ету. Дизель отынының нормативтен тыс қорын жасау арқылы рыноққа реттеушілік ықпал жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Мемлекеттік материалдық резервті қалыптас. тыру және сақтау | | | |
| 2 | | 100 | Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру | Мемлекеттік материалдық резервке матери. алдық құндылық. тарды жеткізуге тапсырыстарды орналастыру, Қазақстан Республикасының 2002 есептік жылға арналған жұмылдыру жоспарына сәйкес 2004 жылға арналған азайтылмайтын қорға дейін жеткізу мақсатында, | Жыл бойын. да | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен сақтау мөлшерлеріне сәйкес мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын кезең-кезеңмен қорландыру. | | |
| 3 | 101 | Мемлекеттік материалдық резервті сақтау | Ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда және сақтау пункттерінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін олардың орнын ауыстыруды және сертификаттауды іске асыру. | Жыл бойында | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі |
| 4 | 102 | Рынокқа реттеуші әрекет жасау үшін мемлекеттік материалдар | Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен көктемгі егіс және жинау жұмыстарын үздіксіз | Жыл бойында | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | резервінің үстеме | жүргізуді қамтама. сыз ету үшін, норматив. тік қорла. ларын қалып. тастыру | рынокқа реттеуші. лік ықпал жасау мақсатында дизель отынын мақсатқа сай сатып алу. | жөніндегі агенттігі |
| 5 | 103 | Сақтау пункттерін күрделі жөндеу | Ведомстволық бағыныстағы ұйым. дарда мемлекеттік резервтің материал. дық құндылықтарын сақтаудың өндіріс. тік процестеріне жаңа жабдықтар мен технологияларды енгізу, техникалық жетілдіру. | Жыл бойын. да | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік материалдық резервтер жүйесі жұмысының тиімділігін арттыру. Қазақстан Республикасының 2002 есептік жылға арналған жұмылдыру жоспарында анықталған 2004 жылға арналған азайтылмайтын қордың деңгейіне дейін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының көлемдерін жеткізу. Рынокқа реттеушілік ықпал жасауға арналған мемлекеттік материалдық резервте белгіленген мөлшерлерден тыс дизель отынының қорын жасау. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сан және сапа жағынан сақталуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
400-қосымша

617 - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Жұмылдыру резервін қалыптастыру және сақтау"**

**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 275887 мың теңге (екі жүз жетпіс бес миллион сегіз жүз сексен жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 тамыздағы Заңы ; "Мемлекеттік материалдық резерв туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 карашадағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 944 Жарлығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының 2002 жылға арналған жұмылдыру жоспарына және бекітілген жұмылдыру резервінің номенклатурасына сәйкес жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын қорландыру. Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының және қуаттарының, сондай-ақ қосалқы басқару пункттерінің сақталуын және оларға қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Бекітілген жұмылдыру резервінің номенклатурасына сәйкес жұмылдыру тапсырмалары бар ұйымдарда жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын қорландыру. Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының сан және сапа жағынан сақталуын қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | | Жұмылдыру резервін қалыптастыру және сақтау | | |
| 2 | | 100 | Жұмылдыру резервін | Жұмылдыру резервінің материалдық | Жыл бойын. | Қазақстан Республикасы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру және сақтау | құндылықтарын алу тапсырыстарын жұмылдыру тапсыр. малары бар ұйым. дарда орналастыру | | да ның мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі |
| 3 | 101 | Жұмылдыру резервін сақтау | Жұмылдыру тапсырма. лары бар ұйымдарда жұмылдыру резерві. нің материалдық құндылықтарын сақтауды және ұстау. ды іске асыру. Жұмылдыру органда. рының қызметкерле. рін ұстау. Жұмыл. дыру резервін және қуаттарын, сондай-ақ қосалқы басқару пункттерін ұстау және сақтау. | Жыл бойын. | Қазақстан Республикасы. да ның мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Жұмылдыру жоспарына сәйкес жұмылдыру тапсырмалары бар ұйымдарда материалдық құндылықтардың қорларын қорландыру, қорланған материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету, жұмылдыру кезеңі мен соғыс уақытына Қарулы Күштердің, өзге әскерлер мен әскери құрылымдардың, шаруашылық кешені мен халықтың жедел қажеттерін неғұрлым толық және орнықты қамтамасыз етуге мемлекет экономикасын алдын ала әзірлеу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК